

10 ЛЕТ

Қазақстанда **ACCESS INDUSTRIES**
В КАЗАХСТАНЕ ЖЫЛ

Біздің қала кеншілер қаласы болғандықтан, оның әрбір тұрғыны мұнда көмірдің ашық әдіспен өндірілетінін біледі. Алайда Екібастұзда көмір өндірілмейтін шахталар да бар. Жерасты суларын құрғату үшін дренаждық шахталар салынады. Осы шахталардың жұмысының арқасында Екібастұз көмірі құрғақ әрі күлі аз болып, қатты аяздарда қатып қалмайды. Сондықтан оны Оралдың жылу станциялары ықпалмен сатып алады. Батыр кенішінің дренаждық шахтасының бастығы Валентин Григорьевич Слепов 35 жылдан бері осы салада жұмыс істеп келеді. Ол биылғы жылдың 23 қыркүйегінде 60 жасқа тоқты.

Валентин Григорьевич еңбек жолын Жезказған қаласында бастады. Мұнда 1971 жылы Қарағанды политехникалық институтын аяқтаған соң келіп шахта құрылысы тресінде жерасты тау-кен мастери болып жұмыс істей бастады. 1975 жылдан 1981 жылға шейін жас маман өзінің білімі мен білігін туған қаласы Қарағандыда көдеге жаратты. Ал 1981 жылы бүкіл Одаққа даңқы кеткен Екібастұз қаласымен тағдырын байланыстырды. Мұнда Бүкіл-одақтық екпінді комсомол құрылысы жүріп жатқан. Кеніштер Валентин Григорьевич сияқты жоғары санатты мамандарға мұқтаж еді. Кеншілер мен энергетиктер қаласы қабілетті, жігерлі де тәжірибелі қызметкерді жылы қабылдады. Оның Екібастұздағы кәсіби өсуі «Шахта құрылысы басқармасындағы» жерасты тау-кен мастери қызметінен басталды.

Ол I, II, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапат-

ЖЕРАСТЫ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАСТЕРІ

талған санаулы кеншілердің бірі. Мұның өзі оның керемет ұйымдастырушылық және кәсіби қасиеттерін байқатады. 1999 жылға дейін дренаждық жүйе құрылысын сол жылы жойылған «Екібастұз шахта құрылысы» комбинатының шахта проходтық басқармасы жүргізген еді. Осыдан кейін «Батыр» кенішінің құрылымында тау-кен проходтық учаскесін құру жөнінде шешім қабылданды. Бұл туралы бастама көтергендердің бірі Валентин Григорьевич болатын. Арнайы жабдықтарды орнатудың қажетті экономикалық есептері жасалып, онымен айналысатын мамандар анықталды. 1999 жылдың сәуірінде шахта проходтық басқарма жойылып, сол жылдың шіл-

десінде дренаждық шахтаның алғашқы метрлері қазылды. Ал 2003 жылы Солтүстік және Батыр кеніштері біріктіріліп, тиісінше, екі дренаждық шахта біріккенде қайта ұйымдастырылған шахтаны басқару Валентин Григорьевичке сеніп тапсырылды. Оған 4 учаске мен басқару аппараты кірді.

Әріптестері Валентин Григорьевичке ілтипатпен қарап, оны ақжарқын мінезді адам деп сипаттайды. Адамдар Валентин Григорьевичке жақын жүріп, қажет кезінде оның көмегі мен қолдауына сүйенеді. Бастықтың кабинетінің есігі қарапайым жұмысшыға да, лауазымды адамдарға да әрдайым ашық. Сонымен қатар Валентин Григорьевич жас мамандарға әрқашан тәлімгер болып қала бермек. Оның кәсіби сезімталдығы мен көрегендігі бар. Жоғары білімі бар жас жігіттен болашақта механик немесе учаске бастығы өсіп шығатынын бірден аңғарады.

Өзіне де, қарамағындағы адамдарға да қатаң талаппен қарайтын ол үшін жұмыс қашанда алдыңғы кезекте. Сондықтан да болар Валентин Григорьевичтің шахтада ғана емес, кеніштеде



беделді болуына таң қалмайсыз. Оның отбасын шахтерлар отбасы деуге болады.

Арғы аталары - Дон казактары. Атасы тағдырдың жазуымен отбасымен Қарағандыда орнығып қалған. Валентин Григорьевичтің әкесі Григорий Терентьевич шахтер болған. Енді міне атасының құрметіне Григорий деп аталған кіші ұлы шахтада жұмыс істеп жүр. Жұбайы Валентина Андреевна да «БАК» ЖШС-і құрылымында еңбек етеді. Валентин Григорьевич жұмыстан бос уақытында автомобильдердің қасынан шықпайды, құрастырады, бояйды, түрлі приборларды орнатады. Сондай-ақ жұбайына үй жанындағы бақшаны күтуге көмектесіп, табиғат аясында тынығуды ұнатады.

Осы мақаланы жазуға «Батыр» кенішінің басшылығы, дренаждық шахтадағы әріптестері мұрындық болды. Олар Валентин Григорьевичті шын көңілден мерейтойымен құттықтап, оған мықты денсаулық, сәттілік пен бақыт тілейді.

Жамал Сарсембаева